



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

05.09.2024 № 3 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2024 жылғы 5
қыркүйектегі қаулысы**

**«Астана қаласының тілдерді
дамыту және архив ісі
басқармасы» ММ-нің қоғамдық
өмірдің барлық салаларында
мемлекеттік тілді қолдануды
дәріптеу бойынша жүргізіліп
жатқан жұмыс туралы**

Бланк серийлық номеріз жарамсыз
Бланк без серийного номера не действителен

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілді қолдануды насиҳаттау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдалап, талқылай отырып, мыналарды атап етеді.

Мемлекеттік тілді оқыту курсарын 991 тыңдаушы оқып шықты, оның ішінде 197 медициналық, 19 білім беру өкілі, 371 – басқа мекемелерден, 55 құқық қорғау органдарының қызметкерлері, 26 этномәдени бірлестіктердің мүшелері және 322 қала тұрғындары. Жыл соңына дейін 1500 тыңдаушыны оқыту жоспарлануда.

Жарнама агенттіктері мен жеке кәсіпкерлік субъектілеріне көрнекі ақпарат пен жарнамалық мәтіндер жазу бойынша әдістемелік көмек көрсетілді, 2024 жылғы қаңтар-тамыз аралығында 1634 эскиз қаралды.

2024 жылғы қаңтар-тамыз аралығында кәсіпкерлік субъектілері «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының талаптарын сактамауға қатысты және қала тұрғындарының өтініштері негізінде 687 бұзушылықты жойды, сондай-ақ тіл туралы заннаманы түсіндіретін буклеттер мен жадынамалар таратылды.

Отырыска дайындық аясында Астана қаласы мәслихатының депутаттары Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» КММ-ға барды, оның негізгі қызметі елордада мемлекеттік тілді дамыту болып табылады. Бұдан басқа, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МҚК (Ikomek109 орталығы) ұсынған деректерге сәйкес 2024 жылдың басынан бері 22 өтініш тіркелген. Өтініштердің басым бөлігі

қазақ тілін маңдайшаларда пайдаланбауға немесе дұрыс пайдаланбауға қатысты келіп түсті.

Қазақ тілін танымал ету бойынша толыққанды контенттің болмауы өзекті мәселе болып қала береді, түрлі ұйымдарда қазақ тілді тұтынушылар үшін мемлекеттік тілде сервистің болмауы фактілері орын алуда. Қазақ тілін тегін оқыту курсарын өткізу туралы халықты ақпараттандыру бойынша жеткіліксіз жұмыс жүргізілуде, танымал форматтар: қазақ тілін дамыту бойынша сөйлесу клубтары мен қауымдастықтар дамымайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілді қолдануды насиҳаттау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» ММ мүдделі ұйымдармен бірлесіп:

елорда кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметіне мемлекеттік тілде Сервис көрсету мәніне тексеру жүргізу (әлеуметтік желілерді, қазақ тіліндегі қосымшаларды жүргізу);

қазақ тілін оқытудың тегін курсарына қабылдау бойынша ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізу;

мемлекеттік тілде сөйлесу клубтары мен мүдделер бойынша клубтарын ұйымдастыру тәжірибесін енгізу;

Астана қаласында мемлекеттік тілді дәріптеу жөніндегі шараларды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру;

қолданыстағы ғимараттың жоғары тозуын және шектеулі сыйымдылығын ескере отырып, мемлекеттік мұрағат үшін жаңа ғимарат салуды бастау жөнінде шаралар қабылдау;

мұрағаттық құжаттарды сақтауға арналған заманауи сөрелерді сатып алуға бюджеттік өтінім беру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**

A. Смагулов